

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Авиациядағы бортсеріктің рөлі

ЖАРИЯЛАНДЫ
07.12.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/147718/>

Бортсерік-жолаушылардың қауіпсіздігіне жауапты, саяхат кезінде қолайлы жағдай қалыптастыруға жауапты әуе экипажының мүшесі. Ұшақ экипажының құрамына стюард алғаш рет

ол 1928 жылы кірді. Бұған дейін жолаушыларға қызмет көрсетумен

екінші ұшқыш айналысатын. Бортсеріктер әуеге ұша бастағаннан кейін оларға көптеген талаптар қойылды және жүктелінетін міндеттер көбейді. Сол себепті әуе экипажында алатын рөлінің маңыздылығы арта түсті

Бортсерік міндеттерін тап айтатын болсақ, ұшу алдындағы нұсқамаларды өткізу. Олар жолаушыларға қауіпсіздік, борттағы жүріс-тұрыс ережелері және құтқару жабдықтарын пайдалану туралы ақпарат бере отырып, әрбір ұшу алдында нұсқама жүргізеді. Нұсқаулық төтенше жағдай немесе апат кезінде жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Стюардессалар жолаушыларды эвакуациялау процедураларымен, құтқару құралдарын пайдалану ережелерімен және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басқа да маңызды сәттермен таныстырады.

Екіншіден жолаушылармен туындаған жағдайларды реттеу. Стюардессалар жолаушылардың қанағаттанбаған немесе туындаған мәселелерімен байланысты жағдайларды олардың сұрақтары мен сұрауларының шешілуін қамтамасыз ете алады.

Үшіншіден қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Стюардессаның негізгі міндеттерінің бірі-ұшу кезінде жолаушылар мен экипаждың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Олар қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалайды және төтенше жағдайлар кезінде қажетті процедураларды қолдана алады.

Егер сіз оқыған мақаладан кейін белгілі бір бортсерік жұмысының міндеттері мен қиындықтары сізді тоқтатпаса, онда мақсатыңызға белсенді түрде қарай бастаңыз. Есіңізде болсын, стюардессалар жұмыс кестесіне толығымен бағынуы керек, тұрақты емес кестеде жұмыс істеуге дайын болуы керек.

Жиенбаева Томирис

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.